

ӘОЖ: 332.012

## **ШАҒЫН МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

**Акбергенова А.К., Асанова А.А.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,  
Нұр-сұлтан қ., Қазақстан

Ж.Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті,  
Бішкек қ., Қырғыз Республикасы

Моноқалаларды дамыту мақсатында мемлекеттің кешенді жоспары негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бірақ та кейбір шағын қалаларда орын алып жатқан өзекті мәселелер бар.

Осыған байланысты «моноқалалар» ұғымының теориялық түсінігі, қалыптасу ерекшелігі мен факторларын зерттеуде тек қана біздің елімізде ғана емес, халықаралық тәжірибеде де негізгі мәселелелер туындайтын жағдайлар орын алады және оны зерттеуде қызығушылық қалыптасады.

Әлемдік теория мен тәжірибеге сәйкес, халық санының көлемін, қала функцияларының саны мен ауқымын, тұрғындардың көпшілігінің негізгі қызметі сияқты негізгі өлшемдер ескеріле отырып, қалалардың типі - ірі, орта және шағын болып бөлінеді [1].

«Шағын қалалар» деп халқының саны критерийі, тұрғылықты жері тұрақты, өмір сүру жүйесінің жинақылығымен ерекшеленеді. Қала 50 мың халқы бар көрсеткішке ие, өзіндік өндірістік базасы белгілі бір деңгейде анықталған, белгілі бір ұйымдастырушылық және басқару қызметтерін орындайтын, инфрақұрылымдық және абаттандыру жеке элементтерден тұратын, көп қабатты

ғимараттары бар, жер учаскелері жақын орналасқан үй шаруашылықтары бар сипатымен ерекшеленетін қаланы айтамыз.

Шағын қалалар- бұл қала халқының көбеюі негізінен қаланың аумағындағы әр адамның қажеттілігін қанағаттандыру үшін барлық жағдайлар жасалған, тұтастылығы мен шоғырлану ықшамдылығы бар аудандар аумағымен ерекшеленетін аймақ. Қазақстан бойынша қазіргі уақытта 87 қала бар, олардың 60-қа жуығы шағын қала мәртебесіне ие, ал олардың жалпы халық саны шамамен 1,5 млн. адамды құрайды. Қарағанды облысы бойынша 8 моноқала – Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев, Сарань, Қаражал, Шахтинск, Абай; 2 шағын қала - Қарқаралы, Приозерск бар.

Қалалардың экономикалық дамуының негізгі теориялық ұстанымдарына тоқталатын болсақ, олардың біріншісі, ең көп тарағаны - кеңістіктік артықшылықтар теориясы немесе орналастыру теориясы. Бұл теорияға сәйкес әр қаланың шикізат көздеріне немесе өндірістің басқа факторларына (жұмыс күші, жер, энергия) немесе сату нарықтарына жақын болуына байланысты өзінің аумақтық артықшылықтары бар.

Шикізатқа қатты тәуелді өндірістер, әдетте, шикізат көздеріне жақын орналасады, ал елеулі көлік шығындарын көздейтін өндірістер өткізу нарықтарына жақын орналасады. Сонымен, мысалы алюминий өнеркәсібі электр энергиясының көздеріне, металлургия зауыттары - темір кені мен кокс өндіретін орындарға жақын тартылады. Бұл теория негізінен біздің елімізде өндіргіш күштердің қазіргі орналасуымен түсіндіріледі.

Қалалар мен қалалық елді мекендердің қалыптасу қағидаларын түсіндіретін тағы бір теория - бұл көліктік өзгерістерге негізделген қалалық елді мекендерді орналастыру теориясы. Қалалардың пайда болуының осы теориясының негізі елді мекендердің басым көлік жолдарының айналасына шоғырлануы болып табылады. Темір жолдардың пайда болуымен ірі теміржол тораптарының орындарында өсетін қалалардың рөлі артты. Осы теорияға сәйкес Қазақстанның өнеркәсіптік-көлік орталықтары ретінде қалыптасқан шағын қалаларды бөліп көрсетуге болады, олар: Қандыағаш, Ембі, Шалқар, Аягөз, Шар, Шу, Арыс.

Қаланың орталық орнының теориясы-неміс географтары В.Кристаллер мен А. Ламның еңбектерінде көрініс тапты [2]. Тұжырымдама қала аумағын ұстап тұру үшін өнімді ауыл шаруашылығы жерлерінің едәуір көлемі қажет деген пікірге негізделеді. Қала ауылдық аумақтың жұмыс істеуі үшін қажетті сауда аймағын құратын қатынастар пайда болады.

Қазіргі аймақтық дамудың әлемдік теориясында Дж.Кольба моделі жалпыға бірдей танылған болып саналады, ол шартты түрде «Ұяларды дұрыс бөлу моделі» деп аталады [3]. Модельдің мәні елді мекендерді "ұйықтар" түрінде орналастыру болып табылады: ірі қала қоныстандыру жүйесінде орталық позицияны алады, оның әсер ету шекарасына жақын жерде шағын қалалар орналасқан; шағын қалалардың айналасында олардың өткізу аймақтарының шетінде ауылдық елді мекендер топтастырылған.

Әлемдік тәжірибеде көптеген шағын қалалардың пайда болуы қаланың функционалды мамандануы негізінде қаланың орналасуын түсіндіретін теориялық тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес орын алды. Қаланың

функционалды мамандану теориясы әсіресе тау-кен немесе металлургия орталықтары пайда болған жағдайда айқын көрінді.

Қазақстан бойынша шағын қалалардың жалпы экономикалық дамудың негізгі ортақ проблемаларын келесідей ашып көрсетуге болады:

1. Халықтың басым бөлігі өнеркәсіптің бір саласындағы қала құраушы кәсіпорынға толық тәуелділігі бар қалалық елді мекендердің болуы;
2. экономикалық базаның шектеулілігі, инвестицияларды тартудағы тиімсіз бәсекелестік позиция және білікті кадрлар төмендігі
3. өнеркәсіптік кәсіпорындардың технологиялық артта қалуы, негізгі қорлар тозуының жоғары деңгейі,
4. демографиялық ахуалдың қолайсыздығы
5. әлеуметтік-мәдени саланың даму деңгейінің жеткіліксіздігі

Осы аталған проблемаларды шешу үшін мемлекет тарапынан шағын қалаларды дамыту мақсатында әртүрлі іс шаралар жүргізіліп жатыр. Атап айтсам, моноқалалардың 2012-2020 жж дамыту бағдарламасы, Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасы, ҚР-ның 2018 жылғы 5 қазандағы ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сүру сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы [4], қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді жоспары сияқты бағдарламалар қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Өңірлерді дамыту бойынша бастапқы бесжылдығы 2019 жылы аяқталып, оны жүзеге асыру қорытындысы бойынша төрт ірі агломерация қалалары (Нұр-сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Шымкент) мен оған ірелес елді-мекендердің тұрғын саны бір миллион адамға көбейген. Моноқалалардың электр желілерінің тозуы 12% және сумен жабдықтау желілердің тозуы 10% -ға төмендеген. Бес жыл ішінде әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы бойынша бюджеттен жеңілдетілген бюджеттік несие арқылы 17 мың тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік берілді. Осы іс-шараларға барлығы 252 млрд. тенге бөлінді. Коммуналдық тұрғын үй шаруашылық, сумен жабдықтау және су тарту мәселелері 2020 жылдан бастап 2020-2025жж арналған даму бағдарламасы «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық бағдарламасы аясында іске асырылатын болады. Бес жыл ішінде инженерлік инфрақұрылымды дамытуға 1,4 трлн. теңге бөлінді [5].

Соңғы он жылда шағын қала халқының саны ауыл халқының өсуімен салыстырғанда озыңқы қарқынмен өсіп келеді. Мысалы, 2009 жылдан бастап 2019 жылға дейін еліміздің барлық халқының өсуі 15,1 % болса, қала тұрғындарының саны жыл басындағы мәліметтер бойынша 23,5%-ке, ауыл тұрғындары- 5,2%-ке өскен.

Моноқалалардың қазіргі кезде бірқатар шешілмеген проблемалары бар. Олар келесідей:

- қоғамдық көліктердің жүру тиімсіздігі, көлік кептелістерінің көбеюі;
- инженерлік желілердің тозуы;
- коммуналдық қызметтердің сапасының төмендігі
- инфрақұрылымды жаңғырту үшін қаржы құралдарының болмауы;

- тұрғын үй құрылысының жеткілікті деңгейде болмауы;
- заңды жалдамалы тұрғын үй нарығының дұрыс қалыптаспауы.

Мысалы, коммуналдық тұрғын үй қоры қала бойынша орта есеппен 3 % құрайды, оның жеке меншік тұрғын үйге тиесілісі – 97 %. Еуропаның дамыған елдерімен, оның ішінде Скандинавиямен салыстырғанда жалдамалы тұрғын үй нарығы елімізде дамымаған және қазіргі уақытта нарықтық бағасы өте жоғары болып келеді. Мәселен, қаланың шетінде тұратын тұрғындардың саны көп емес және тұрғын үй құрылысының ауданы ауқымды болуы ерекшелік болып танылады.

Олардан бөлек, көбінесе, бұл аудандарда коммуналдық инфрақұрылымы мен кәріз жүйесі толық қамтылмаған. Қалада өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қосымша іске асыру және жарату жүйесі қойылмаған. Осы аталған мәселелер жұмыс күшінің қалыпты қозғалысын, сапалы демалыс үшін қалалық ортаны қалыптастыру мен басқа үдерістерді тежейді.

Негізі, моно-және шағын қаланың тұрғындарының көлемі ұлғаймайды. Мәселен, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2019 жылдың 1 қаңтарына дейін уақытта моно-және шағын қалалар тұрғындар санының көлемі барлығы 52,5 мың адамға яғни, 2216,0 мыңнан 2268,5 мыңға дейін өскен. Ол ірі және үлкен қалалар есебінен 2,0 млн. адамға ұлғайғандығын көреміз. Бұл ірі және үлкен қалалармен салыстырғанда төмен көрсеткішті білдіреді. Себебі, қала құраушы кәсіпорында өндірістік қуат қысқарғандығы, тұрмыс сапасы мен жағдайы төмен болуынан байланысты болып отыр. 2018 жылдың нәтижесі бойынша моно- және шағын қалалардың орташа айлық жалақысы 126,5 мың теңгені құрайды, оның ішінде шағын қалалар бойынша – 104,7 мың теңге (2017 жылы- 98,5 мың теңге), моноқалалар бойынша – 159,7 мың теңге (2017 жылы – 135,5 мың теңге), ал, орташа республикалық көрсеткіш- 162,3 мың теңгені құрайды. Кейбір моноқалалар бойынша бір жұмыскердің орташа айлығы жоғары болуы жекелеген қалаларда – Ақсай (448,8 мың теңге), Жаңаөзен (435,4 мың теңге), Сәтбаев (235,1 мың теңге), Жезқазған (176,4 мың теңге) еңбекақысының жоғары болуы себебінен екенін айрықша атап өту керек.

Қала құраушы кәсіпорындар немесе қаланы дамытуына үлес қосатын үстем саланың жалпы жай - күйі жағдайында бірқатар мәселелер кешені шағын және моноқалалардың басым бөлігінде орын алады. Оларға көрсетілген мемлекеттік қолдаудың атап айтқанда, өндірістерді кезең кезеңімен тікелей немесе жанама субсидиялау айтарлықтай экономикалық әсер бермейді. Кәсіпорынға берілетін субсидиялар немесе мемлекеттік қолдаулар өзін өзі ақтайтын, пайдалылығы жоғары, экономикалық преспективалары жақсы моноқалаларды әртараптандыруға ықпалы бар өндірістерге бағытталуы керек. Бұл ең алдымен «зәкірлі» инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде ескеруі қажет.

Моноқалалардың проблемаларының бірі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның қанағаттанғысыз жағдайы болып табылады. Су құбыры, кәріз, жылу және электр желілері тозуының жағдайы бірталай қаражатты қажеттілігін туындатады. Қазақстан бойынша 2018 жылдың нәтижесі бойынша су құбыры, кәріздің тозуы 75-85 пайызды құрайды.

Қазіргі таңда негізгі күш кәсіпкерлікті ынталандыруға көп көңіл бөлініп жатыр. Мемлекеттің «Бизнес жол картасы-2020» бағдарламасы бизнесті қолдау мен дамытуға моноқалаларда көп алға жылжу байқалады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік бағдарламалар «моноқалалар» өміршеңдігін қалпына келтіруге көмектесе отырып, лсы бағыттар бойынша жүріп жатыр.

Алайда, моноқалалар мәселелері тез шешілмейді, сондықтан мемлекет қана емес, тұрғындар да моноқалалардың мәселелерін шешу туралы ойланулары керек.

Моноқалаларды өз деңгейінде тұрақты дмуын қамтамасыз ету үшін, келесідей шешу жолдары болуы мүмкін.

- қала құраушы кәсіпорынды әртараптандыру және қайта құрылымдау, қуаттарды кеңейту, шығарылытатын өнім номенклатурасын кеңейту;

- егжей-тегжейлі және технологиялық мамандану деңгейі жоғары шағын кәсіпорынды дамыту;

- жаңа инновациялық өндірістерді экономиканың жаңа секторларында құру, ақпараттық секторды қалыптастыру және қаланың функционалды мамандануын кеңейту;

- моноқалаларда кадрларды қайта оқыту, оқытудың қайта даярлау жолымен халықты жұмыспен қамту стратегиясын іске асыру;

- шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіруге жәрдемдесу, гранттар, субсидиялар, жеңілдетілген қаржыландыру, несие бойынша мемлекеттік кепілдік беру, өндірістік алаңдарға жеңілдікпен қол жеткізу, өндірістік үй-жайларды жеңілдікпен жалдау және т.б;

- жұмыс атқарып тұрған кәсіпорындардың, инфрақұрылымдық объектілердің негізгі қорларын жаңарту;

- әлеуметтік инфрақұрылым және тұрғын үй – коммуналдық инфрақұрылым объектілерін дамыту.

Әрине, Қазақстанның шағын қалаларының әртүрлі типтері үшін қолдаудың әртүрлі нысандары мен әдістері пайдаланылуы мүмкін, бірақ моноқалаларды мемлекеттік қолдаудың неғұрлым тиімді әдісі уақытша қаржылық жеңілдіктер көрсету немесе құю емес, қысқа мерзімді кезеңінде аумақтарға ерекше бюджеттік режимдер құру болып табылатынын ескеру қажет.

Қорыта келгенде, әрбір қаланың мәселесін шешу үшін, өзіндік өз тәсілі мен жолдары қажет. Осыған қатысты әрбір моноқалаға мемлекеттік көңіл бөлуі, сондай ақ мемлекет пен инвестор тарапынан ұзақ мерзімді қаржылық қолдау көрсетілуі тиіс. Тек сонда ғана белгілі нәтижеге қол жеткіземіз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Моноқалалардың 2012-2020жж дамыту бағдарламасы.
2. Модели в географии/ Под ред. П. Хаггета, Дж. Чорли.- М.: Прогресс, 2001.
3. Steen, , Karlsen, A. Path creation in a single-industry town: The case of Verdal and Windcluster Mid-Norway // Norsk Geografisk Tidsskrift. – 2014. – № 68 (2). – pp. 133-143.

4. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайының өсуі: табыс пен өмір сүру сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018ж

5. Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.